

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ С.Д.АСФЕНДИЯРО  
АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

**Кафедра: Патологиялық физиология**

# **Жүкпалы үрдіс патофизиологиясы. Сепсис**

**Орындаған: Равшанова Х**  
**Тобы: ЖМ13-12-1**  
**Тексерген: Ахмедшина Д.А**

# Жоспар:

1. Кіріспе
2. Жұқпалық үрдіс,, жұқпалық үрдістің түрлері.
3. Сепсис және сепсистік сілейменің патогенезі.
4. Жұқпалық үрдісті емдеудің ұстанымдары
5. Қорытынды
6. Пайдаланылған әдебиеттер

## Жұқпалы аурулар -

зардапты вирустардың, микоплазмалардың, хламидийлердің, риккетсиялардың, спирохеталардың организмге еніп, онда өсіп-өну және өмір сүру салдарынан туатын аурулар. Жұқпалы ауруларды кейде тек «инфекция» деп те атайды.


Жұқпалар сезімтал организм мен микробтардың өзара әсерлерінен дамиды. Жұқпалы аурулардың, басқа аурулар сияқты, өздерінің себепкер ықпалдары мен даму жолдары болады. Олардың дамуында сырттан енген жұқпаларға қарсы тұтас организмнің, жүйелердің, ағзалар мен тіндердің және жасушалардың деңгейлерінде қорғаныстық тетіктері қосылады. Бұл тетіктер жеткілікті болғанда организм жұқпалардан нәтижелі қорғанып, сырқаттану болмайды немесе ол жеңіл түрде ғана болады. Ал олар жеткіліксіз болғанда ауыр жұқпалы аурулар дамиды

Жұқпалы үрдістердің бірнеше түрлерін ажыратады:

- **Сепсис** –жұқпалардың бүкіл денеге жайылған ауыр түрі. Бұл кезде міндетті түрде немесе шартты түрде дерт туындататын микробтардың денеге жайылуынан организмнің жүйелі қабынуы болады;
- **Септикопиемия** –науқас адамдардың әртүрлі ағзалары мен тіндерінде іріңді ошақтардың қалыптасуымен сипатталатын түрі;
- **Бактериемия, вирусемия, фунгиемия** – бактериялардың, вирустардың, майда саңырауқұлақтардың қанда болуымен, бірақ олардың онда өсіп-өну белгілері болмауымен, көрінетін түрі;

- **Салдарлық жұқпалар** – организмде бар бір жұқпалы ауру кезінде екінші бір микробтардан туындаған жұқпалы үрдістің түрі;
- **Микстинфекция** – бір мезгілде бірнеше микробтардан дамитын жұқпалы үрдіс түрі;
- **Реинфекция** – науқас адам сауыққаннан кейін сол дертті туындатқан микробтың әсерінен жұқпалы үрдістің қайталануы;
- **Суперинфекция** – науқас адам сауықпай жатып, сол дерт туындатқан микробты қайта жұқтыруы

**Сепсис** (грекше – іріңді қан) –қанда және организмнің басқа биологиялық сұйықтығында микроорганизмдердің көбеюімен сипатталатын инфекциялық үрдістің ауыр жалпы таралған түрі. «Сепсис», «септицемия» атауларын тура мағынада аударғанда **«Іріңді қан»** деген мағынаны білдіреді, ол қандағы шіріткіш бактериялардың тіршілігінде бөлінетін улы заттардың, шірінді тін бөліктерінің, т.б. қан құрамындағы және айналысындағы әсірінен пайда болады.





Сепсис ауыр инфекциялы сырқаттар тобына жатады. Бұдан біразжылдар бұрын осындай қауіпті сепсистік жағдайлар 60-80% болатын. Антибиотиктерді қолданудың арқасында қауіпті жағдайлар біраз дерлік төмендетілді (15-20%). Сепсистің қоздырғыштары қатарына әртүрлі стафилакокк, стрептококк, пневмококк, гонококк, ішектаяқшалары, анаэробты қоздырғыштар және әр түрлі араласқан микробтар жатады. Сепсистің негізгі қоздырғышын үш түрлі микробтар құрайды: стафилококк, стрептококк, ішек таяқшалары және араласқоздырғыштар.

Сепсис эпидемиологиялық түрғыдан алғанда жұқпалы ауру емес, мысалы: операция уақытында сепсисті анықтағанда іріңді инфекция дамымайды, ол тек жергілікті қабыну құбылысымен ғана піектеледі.

Сепсис ауруының негізгі клиникалық сипат көрінісі қоздырғыштардың әр түрлілігіне қарамастан өзіндік ерекшелігімен анықталады. Сепсистің айқын клиникалық-анатомиялық жиілігі жоқ және инкубациялық мерзімі де айқын емес, қалыптасу мерзімі бірнеше сағаттан бірнеше аптаға дейін, кейбір жағдайларда созылмалы сепсисте бірнеше айлардан, бірнеше жылдарға дейін созылады. Сепсистің қабыну құбылысы кезінде дене мүшелерінде оған айырықша тән көрініс болмайды. Ол кезде ағзалар мен ұлпалардың өзіндік өзгерістері болады. Барлық сепсисте қоздырғыштар ағзаның ішкі ортасына енеді




Сепсистің жіктелуі:

1. Инфекциялық кіреберіс қақпасы мен біріншілікті ошағының орналасуына қарай: тонзилгенді, отогенді, одонтогенді, урогениталды, гинекологиялық, жарақаттық сепсис.

2. Негізгі ауру бойынша: хирургиялық, акушерлік-гинекологиялық, терапиялық уросепсис.

3. Ағымына қарай: жәй, жедел, созылмалы



**Патофизиологические изменения при сепсисе и связанные с ними фармакокинетические эффекты**

**Сепсистік сілейме** -артериялық қысым сынап бағанасы бойынша 90 ммден төмен түсіп кетуімен көрінетін сепсистік синдром және бұл кезде тамыр тарылтатын дәрілер әсер етпейді. Ауыр сепсис кезіндегіден де артық көптеген ішкі ағзалардың қызметтерінің жеткіліксіздігі байқалады

# Сепсистік сілейме



# **Жұқпалы үрдістерді емдеу негіздері:**

**Жұқпалы үрдістерді емдеу үш бағытта жүргізілуі қажет.**

**Ол, біріншіден, туындатқан себепкер ықпалға қарсы бағытталады. Осы мақсатта бактерияларға, вирустарға, қарапайым жәндіктер мен құрттарға, майда саңырауқұлақтарға қарсы дәрідәрмектер қолданылады.**

**Екіншіден, аурудың даму жолдарындағы маңызды тетікті үзуге бағытталады. Ол үшін:**

- организмді уытсыздандыру емшаралары (қанға сұйық енгізу, гемодиализ, плазмаферез, гемосорбция, микробтардың уыттарына қарсы емдік сарысулар енгізу т.б.);**
- қабынуға қарсы дәрідәрмектер мен емшаралар;**
- иммунитетті емдеу, иммундық жүйені қалпына келтіруге бағытталған емшаралар;**



- ағзалар мен тіндердің қызметтерін қалпына келтіруге бағытталған емшаралар;
  - организмнің ішкі тұрақтылық көрсеткіштерін (рН, рО рСО<sub>2</sub> электролиттер мен судың көлемін т.с.с.) қалпына келтіруге бағытталған емшаралар қолданылады.
- Үшіншіден, аурудың әйгіленімдерін азайтуға немесе жоюға бағытталған емшаралар пайдаланылады. Осы мақсатта бас ауыруын басатын, ұйықтататын, көңілкүйін жақсартатын, ауырусынуды жоятын дәрідәрмектер қолданылады.

# Пайдаланылған әдебиеттер:

- Ә.Нұрмұхамбетұлы.  
Патофизиология. Алматы, 2011
- Медициналық орысша-қазақша  
сөздік
- [www.google.kz](http://www.google.kz)
- [referaty.kz](http://referaty.kz)



Назарларыңызға  
рахмет!!!

